



Ақмешіт

14 сәуір
сейсенбі
№27 (2239)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

КӨКТЕМ ҚАРБАЛАСЫ: ЕГІН ЕГУГЕ ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?



Биыл көктемгі дала жұмыстары Сыр өңірі үшін ауыл шаруашылығы саласындағы маңызды кезеңдердің бірі болып отыр. Аймақтың аграрлық әлеуеті, су ресурстарына тәуелділігі және егіс құрылымындағы өзгерістер бұл науданың тек өндірістік емес, стратегиялық маңызын арттыра түседі. Ресми мәліметке сүйенсек, өңірде егіс жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп, негізгі ресурстармен қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылданауда.

2-БЕТТЕ



Мерекеңмен, оқырман!

Қадірлі оқырман! 15 сәуір – «Ақмешіт апталығы» газетінің оқырмандары үшін жай күн емес. Себебі бұл күн газеттің жарыққа шыққан күні. Осыдан 32 жыл бұрын, 1994 жылдың 15 сәуірінде жарық көрген «Ақмешіт апталығы» газетінің уақыт сынынан сүрінбей өтіп келе жатқаны оқырманның алғаусыз тілегі мен ниеті деп білеміз. Жыл сайын сүйікті басылымына ұмытпай жазылатын және ұсыныс-тілегін айтып отыратын оқырмандарымызды төл газетінің жарыққа шыққан айтулы мерекесімен құттықтаймыз! Дәл бүгін біз «цифрлық дәуірде газет оқылмайды немесе жас буынға қалай газет оқытамыз?» деген мәселе айтудан аулақпыз. Әр газеттің өз оқырманы бар және газет оқытқындар қатары аз емес екенін де білеміз. Біздің міндетіміз – оқырман сұранысына сай сапалы газет шығару. Сәт сайын жаңарған жаңалықтар легін смартфоннан оқытын оқырман үшін газет адамға рухани демалыс сыйлап, әр ақпаратты ой елегінен өткізіп, сараптама жасай алатын қабілетін дамыту үшін қажет. Әлеуметтік желідегі жылт еткен жаңалықтан жалыққан оқырманға рухани азық болатын және қай кезде оқимын десе де жоғалмайтын, тасқа басылғандай өшпейтін басылым ғұмыры мәңгілік. Әрине, газет оқырманымен ғана мәңгі жасайды. Олай болса, газеттің жарыққа шыққан күні сіз бен біздің мерекеміз! Қадірлі оқырман, сіз газетке жазылу арқылы ұлт руханиятының дамуына үлес қосып келесіз! Қазақ баспасөзін қолдаған игі ісіңіз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын дейміз. «Ақмешіт апталығы» газетінің шығармашылық тобы әрдайым оқырман көңілінен шығуға, ойындағысын дөп басытын мақала жазу жолында, қоғамның өзекті мәселесін көтеріп, ел мұқтажын жеткізуде адал қызмет ете береді. Қатарыңыз азаймасын, құрметті оқырман!

Ізгі ниетпен,
сүйікті газетіңіз «Ақмешіт апталығы»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Облыс орталығында инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы ірі жобалар кезеңінен жүзеге асуда. Соның бірі – қала тұрғындарына жарты ғасырдан астам уақыт қызмет еткен «Қызылжарма» каналын заман талабына сай қайта жаңғырту жұмысы. Каналды қайта жаңғырту су ресурстарын тиімді пайдаланып, тұрғындарды аяқсумен қамтуға септігін тигізеді.

Қала әкімі Нұржан Ахатов мұндағы құрылыс жұмыстарын арнайы аралап көрді.
– Бұл жоба аймақ басшысының тікелей бақылауында. Соған сай



«ҚЫЗЫЛЖАРМА» КАНАЛЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

жобадан көрсетілген жұмыстар өте сапалы әрі мерзімінде атқарылуы тиіс. Өздеріңізге белгілі, каналдың стратегиялық маңызы жоғары. Біз осы канал арқылы суды үнемдеп, «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», «Гагарин»

шағын аудандары мен «Қызылжарма» ауылдық округінің тұрғындарын сапалы аяқсумен қамтамасыз ететін боламыз, – деді қала әкімі.

«Қызылжарма» каналы – ірі су айдындарының бірі. Оның ұзындығы

13 800 метрді құраса, ені 11 метр шамасында. Каналды ұзақ жылдар бойы пайдалану әсерінен науамен жабдықтау қажеттілігі туындап отыр. Бұған дейін суару маусымында бұл канал арқылы шамамен 9,3 млн текше метр су жіберіліп келсе, жоба толық жүзеге асқанда су шығынын 50 пайызға қысқартуға мүмкіндік болады. Алдағы уақытта канал аумағы абаттандырылады. Тұрғындар тынығуға арналған саялы орын ету жоспарда. Сонымен қатар жоспарланған жоба бойынша жаяу жүргішілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылады. Бұл тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨНЕР

Елмұра ЖАҢАБЕРГЕН,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, профессор, өнертанушы ғалым:

ҚАЗАҚТЫҢ БАЙТАҚ ДАЛАСЫ, ТЫҢДАДЫ ҰРЫП ШАПАЛАҚ

Дәстүрлі қазақ өнерінің шамшырағындай болған, текті сөздің төресі терме орындаудың шебері, тандай қақтыратын ұлттық өнердің жанашыры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор, өнертанушы ғалым Елмұра Жаңабергенмен жыраулық дәстүр, өнер тақырыбында сұхбаттастық.

– Ауылдың иісі аңқып тұратын жырау қыздың балалық шағы ерекше болған екен. Қарамолда аулының бағасын алыпсыз. Балалық шағыңыз туралы әңгімелеп берсеңіз.

– Балалық шағым ауылда өтті. Мінезім қайсар болды. Замандастарым секілді мен де ауылдың қым-қуыт тіршілігіне ерте араластым. Қыста шаңамен, жазда арбамен, елу литрлік бөшкемен су тасыдық. Екі иығымыз талып, иінағашпен де суға бардық. Қамыс шауып, жоңышқа ордық. Қой да бақтық, атқа да міндік. Несін айтасыз, ауыз толтырып айтарлықтай ғажап сәттерді бастан өткердім десем болады. Ер бала болсам да, қарулы болып жекпе-жекке де шықтым. Өзге ауылдың балалары менімен жекпе-жекке шығамыз деп іздеп келетін. Анам еміші болды. Қасиет дарыған ерекше кісі еді. Есіктің алдында сырқат кісілер кезек күшіп тұрушы еді. Бізге де сол қасиет дарыған болу керек. Соның әсерінен кішкентай кезімде көп ауырып, талып қалатынмын. Анам дем салып оятып алатын. Бойымдағы бұла күштің әсерінен болар айкайлап өлең айтатынмын. Өзімді Роза Бағлановадай, енді бірде Роза Рымбаевадай сезініп, шәйнектің шурын микрофон етіп, сарайдың төбесіне шығып, бар дауысыммен ән саламын. Көрермендерім ұршық иіріп отыратын көрші әжелер болды. Ол кісілерді жаным ашырып аламын. Мені «желаяқ» дейтін. Мектепте ән салып, немесе жүгіріп жарыстың көшін бастап жүрдім. Қанша ауырсам да шешем дәрігерге жолатпайтын. «Бұл қызда қасиет бар» дегені есімде. Сыр бойында «Қара молда» деген әулие кісі болды. Шешем «Әлмираны маған әкел» деп бірнеше рет түсіне кіреді. Талып қалуым жиілеген соң анам бір күні сол әулиеге апарды. Әулие әкеміз 3 күн дем салып оқыды. Емдеп болған соң маған «жырдың алды бол, тұлпардың басы бол» деп бата берді. Шешем ауылға келіп «қызыма бата алып келдім» деп бір мал құдайы берді.



СҰХБАТ

Давлат МАРИПОВ, ҚР Президенті Іс басқармасы
ауруханасының невролог-паркинсонологы:

ПАРКИНСОН АУРУЫ ҮКІМ ЕМЕС

Паркинсон ауруы – адамның ерік-жігерін шынжырлайтын күрделі нейродегенеративті процесс. Соңғы жылдары әлемдік деңгейде бұл дерттің жасарып бара жатқаны және диагностикалық әдістердің эволюциясы медицина қауымдастығын тың шешімдер іздеуге мәжбүрлеп отыр. Бүгінде елімізде бұл дертті емдеу жаңа деңгейге көтерілді. Әсіресе, еліміздің жетекші медициналық мекемелерінің бірі – ҚР Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығының ауруханасында Паркинсон дертімен күрестің ең озық технологиялары, соның ішінде мидың терең стимуляциясы сияқты жоғары технологиялық оталар жасалуда. ҚР Президенті Іс басқармасы ауруханасының білікті дәрігері, невролог-паркинсонолог дәрігері Давлат Мариновпен сұхбаттастық.



2-БЕТТЕ

IT-ӘЛЕМ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ: ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында еліміз озық технологияны тұтынушы емес, оны құрушы және экспорттаушы ретінде жаңа сапалық деңгейге көтерілуді мақсат тұтуда. Мемлекеттік қызметтің цифрлануы мен коммуникациялық инфрақұрылымның қарқынды дамуы арқасында соңғы жылдары тұрғындардың басым бөлігі заманауи электронды қызметтерге қол жеткізіп қана қоймай, күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырды. Бұл ретте IT саланың экспорттық әлеуетінің артуы мен отандық стартаптардың жаһандық нарыққа сенімді түрде

шығуы еліміздің шикізаттық тәуелділіктен арылып, интеллектуалды экономикаға бет алғанын көрсетеді. Дегенмен технологиялық прогресс өзімен бірге тек мүмкіндіктерді емес, сонымен қатар киберқауіпсіздік, деректердің құпиялылығы және өңірлік цифрлық алшақтық сияқты күрделі сын-қатерлерді де ала келді. Осы орайда, жасанды интеллект жылы бізге не береді және Қазақстанның бұл бағыттағы қадамдары қаншалықты тиімді болмақ деген сұрақтар бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбына айналып отыр.

3-БЕТТЕ

4-БЕТТЕ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС: ӨҢІРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда жаһандық бәсекелестік тек ресурстармен емес, интеллектуалды шешімдер мен цифрлық жүйелердің икемділігімен өлшенетін дәуірге қадам бастық. Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы – еліміздің технологиялық тәуелсіздігі мен инновациялық амбициясының айқын көрінісі. Осы орайда, жақында өткен «Digital Qazaqstan 2026» форумы нәтижесінде өңірлерде цифрлық реформалар лебі сезілуде. Инновациялар тек үлкен мегаполистердің еншісінде ме, әлде аймақтардағы басқару жүйесін түбегейлі өзгертуге қауқарлы ма? «Ақылды қала» концепциясы мен жасанды интеллект тұрғындардың өміріне қалай әсер етпек? Осы және өзге де өзекті сұрақтар төңірегінде облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сабит Ибадуллаұлымен сұхбаттасқан едік.



– «Digital Qazaqstan 2026» форумының өңірлер үшін ең маңызды нәтижесі қандай болды?

– «Digital Qazaqstan» форумының еліміздің технологиялық даму тарихындағы стратегиялық маңызы жоғары. Бұл жиынның ең басты ерекшелігі – цифрландыру үдерісінің тек мемлекеттік аппарат деңгейінде қалмай, нақты өңірлік дамудың қозғалтқышына айналуы. «Industry 5.0: The Power of Connection» тұжырымдамасы аясында өткен басқосу технологияның негізгі миссиясы адамды алмастыру емес, оның әлеуетін арттыру екенін айқын көрсетті. Форумның аяқталуы мен мазмұны оның жай ғана іс-шара емес, болашақ экономиканың іргетасын қалайтын алаң екенін дәлелдеді. Форум барысында 6000-нан астам қатысушы бас қосып, 40 ірі IT компания мен 36 инновациялық стартаптың өз өнімдерін ұсынуы Қазақстандағы технологиялық эволюцияның серпінін көрсетеді. 150-ден астам спикердің қатысуымен өткен 54 сессияда өңірлердің экономикалық ерекшеліктеріне сай келетін цифрлық шешімдер жан-жақты талқыланды. Бұл ретте әр аймақ үшін тиімді бағыттар айқындалды.

– Форумда таныстырылған инновациялардың ішінде өңірлік басқару жүйесіне нақты енгізуге лайық ең тиімді шешімдері атап өтсеңіз...

– Өңірлік басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін форумда таныстырылған инновациялардың ішінде ең алдымен деректерді басқару мен мемлекеттік аппараттың цифрлық интеллектін арттыратын шешімдерді ерекше атауға болады. Кез келген заманауи басқару жүйесінің іргетасы сапалы ақпаратқа байланысты, өңірлік деңгейде «деректер хабын» қалыптастыру – басты басымдық. Мемлекеттік қызметтерді трансформациялау бағытында коагентті платформалардың әлеуеті өте зор. Мұндай жүйелер азаматтардың өтініштерін өңдеу мен стандартты мемлекеттік функцияларды орындауды автоматтандыру

арқылы кедергілерді едәуір азайтады. Сонымен қатар, интеллектуалды басқару шешімдері өңірлердің қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырады дегеніміз рәл атқарады. Көлік ағынын реттейтін ақылды жүйелер, білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздік мониторингі және экологиялық жағдайды бақылайтын ұшқышсыз аппараттар инфрақұрылымы заманауи қаланың ажырамас бөлігі. Осы инновациялардың жиынтығы өңірлерді тек цифрландырып қана қоймай, оларды басқарудың икемді әрі жоғары технологиялық үлгісін қалыптастырмақ.

– 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануы аймақтардың жұмысына қандай серпін бермек?

– 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жариялануы аймақтар үшін жай ғана атауды жыл емес, басқару жүйесі мен экономикалық үлгіні түбегейлі жаңартуға бағытталған стратегиялық кезең. Бұл шешім цифрландыруды қарапайым қызмет көрсету форматынан шығарып, оны өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі құралға айналдырады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, 2026 жыл smart-инфрақұрылымның қарқынды даму кезеңі болмақ. Әсіресе, энергетика және коммуналдық шаруашылық салаларында ЖИ шешімдерін пилоттық жобалардан толыққанды енгізу сатысына көшіру жоспарлануда. Бұл жылы мен электр жүйелерінің тиімділігін арттырып, шығындарды азайтуға, апаттық жағдайларды алдын ала болжауға септігін тиізеді. «Цифрландыру және ЖИ жылы» өңірлердегі бизнес пен инновацияларға мемлекеттік қолдауды күшейтіп, әрбір аймақтың өзіндік технологиялық ерекшелігін қалыптастыруға жол ашалады.

– Жасанды интеллектті мемлекеттік басқару, қала инфрақұрылымы және халыққа қызмет көрсету салаларына енгізу қандай өзгерістер әкеледі?

– Жасанды интеллектті мемлекеттік басқару, қалалық орта және әлеуметтік қызметтерге интеграциялау – басқару жүйесін реактивті үлгіден (мәселе туындағанда әрекет ету) проактивті үлгіге (мәселенің алдын алу) көшіретін стратегиялық бетбұрыс. Бұл өзгерістердің ең алғашқы жемісі – мемлекеттік аппараттың шешім қабылдау жылдамдығы мен дәлдігінің артуы. Әкімдіктер бұрынғыдай әр саланы жеке-жеке қарастырып, жол қозғалысы, коммуналдық желілер, қоғамдық қауіпсіздік және экологиялық мониторинг

деректерін бірінғай жүйеде синтездеу арқылы қаланың тыныс-тіршілігін тұтас жүйе ретінде көре бастайды. Жасанды интеллект негізіндегі виртуалды ассистенттер мен коагентті платформалар азаматтардың сұранысын тәулік бойы өңдеп, типтік мәселелерді лезде шешіп қана қоймай, күрделі өтініштерді тиісті бөлімдерге автоматты түрде бағыттай алады. Цифрлық сервистер енді тек құжат берумен шектелмей, әр азаматтың мұқтажығын түсінетін интеллектуалды эволюцияға айналмақ. Жасанды интеллект мемлекеттік сервистік модельден адамға бағдарланған интеллектуалды мемлекетке айналдырудың басты драйвері болмақ.

– Цифрлық шешімдер аймақтың әлеуетін қалай күшейтеді?

– Форумда көрсетілген инновациялық тәжірибелерді өңір экономикасына бейімдеу тек қана «Жасанды интеллект жылы» аясындағы іс-шара емес, бұл аймақтың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын іргелі қажеттілік. Былтыр бірқатар жүйелі жоба іске асырылып, өңірді цифрландырудың жаңа кезеңі басталды. Құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік саласында аймақта «Ақылды қала» тұжырымдамасы аясында айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізді. Облыстық полиция департаментінің материалдық-техникалық базасы дауыс зорайтқыштармен және LED-жарықтандырумен жабдықталған заманауи дрондармен толықты. Бұл ұшқышсыз аппараттар қаланың қоғамдық орындарын әуеден мониторингтеу, қылмыстың алдын алу және түнгі уақытта тәртіп сақтауға жұмылдырылуда. Сонымен қатар Жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылып, облыс орталығында жаңа бейнебақылау камералары біртұтас жүйеге біріктірілді. Интеллектуалды қиындықтар мен автоматты жылдамдық өлшегіш құрылғылардың көмегімен жол-көлік оқиғаларын азайту мен заң бұзушылықтарды дереу анықтаудың тиімді тетігі қалыптасты. Цифрландыру үдерісі білім беру және инфрақұрылым салаларын да қамтып отыр. Облыстың барлық мектептері 100% бейнебақылаумен, дабыл түймелерімен және полицияның жедел орталығына қосылған турникеттермен жабдықталды. Жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлау мақсатында өңірлік хакатондар мен «Tomagoto School» сияқты білім беру бастамалары іске қосылып, студенттер мен мемлекеттік қызметкерлер цифрлық дағдыларын дамытуға басымдық берілді.

– IT-экожүйе бағытында қандай жүйелі қадам жасалып жатыр?

– Аймақта IT-экожүйені дамыту бағытында жұмыс енді тек форумдар мен бөлек бастамалар деңгейінде емес, жүйелі форматта жүріп жатыр. Соның ең нақты көрінісі – Kyzylorda Hub төңірегінде қалыптасқан өңірлік алаң. Astana Hub-пен бірлескен арнайы жол картасы әзірленіп, 2025 жылы хаб аясында 176 іс-шара, 53 AI ивент, 5 инкубациялық бағдарлама өткізіліп, жалпы 5824 қатысушы жастарды қамтыды. Ал Smart City Kyzylorda Hackathon 2025 аясында 317 қатысушыдан 93 жоба тіркелді. Екінші маңызды бағыт – университет, ғылым және стартап ортасын біріктіру. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті базасында СеулТехпен бірлескен Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Бұл мектеп жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика салаларында маман даярлайды, корейлік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз етіледі және жоба аясында бизнес-инкубатор құру да көзделген. Яғни өңірде енді IT саласына кадр дайындау, зерттеу жүргізу және сол білімді стартапқа айналдыру тізбегі қалыптасып келеді.

– «Digital Qazaqstan 2026» аясында қандай негізгі басымдықты ерекше атап өтер еліміз?

– «Digital Qazaqstan 2026» форумының негізгі мазмұны мен стратегиялық мәні – еліміздің технологиялық дамуын түбегейлі жаңа деңгейге көтеруге жатыр. Бұл басқосу жасанды интеллект пен цифрландыру үдерістерін тек техникалық жаңарту ретінде емес, мемлекеттік басқару мен ұлттық экономиканың мызғымас іргетасы ретінде бекітті. «Industry 5.0: өзара әрекет ету күші» тұжырымдамасы аясында өткен бұл шара технология мен адам әлеуетінің үйлесімді байланысын негізгі басымдық етіп алды. Форумның басты идеясы – Қазақстанның әрбір өңірін біртұтас жоғары технологиялық кеңістікке біріктіріп, инновацияларды елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі драйверге айналдыру. Осы орайда ең маңызды басымдық – мемлекет, бизнес және халықаралық технологиялық альянстың арасындағы ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыру. Бұл жай ғана келісімдер жиынтығы емес, нақты цифрлық реформаларды өңірлік деңгейде жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық альянс. Форумның қорытындылары цифрландырудың орталықтан аймақтарға қарай дамуын қамтамасыз етіп, әрбір облыстың өзіндік экономикалық ерекшелігіне сай интеллектуалды шешімдерді енгізуге жол ашты. 2026 жыл Қазақстандағы технологияларды тек тұннатын емес, оларды басқару тиімділігі мен қоғамдық әл-ауқатты арттыру үшін шебер қолданатын цифрлық мемлекетке айналдыру жолындағы шешуші қадам болмақ.

– Сұхбатыңызға рақмет!

КӨШБАСШЫ ЕЛДЕР ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА?

Әлемдік геосаясат пен экономиканың алға жылжуы тек табиғи ресурстармен емес, деректердің жылдамдығы мен алгоритмдердің сапасымен өлшенетін кезеңге аяқ бастық. Бүгінгі таңда технология қалай құрал емес, ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық үстемдіктің басты тірегі. Әлемдік көшбасшы ел саналатын АҚШ, Оңтүстік Корея мен Жапония бұл бәсекеде технологияны мемлекеттік басқарудың өзегіне айналдырып үлгерді. Мәселен, АҚШ-та цифрлық экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10 пайыздан асып, саланы алып технологиялық корпорациялар алға сүйреп келеді. Шығыс Азияның техно алауыттары да бұл бағытта есімге дес берер емес.

Оңтүстік Корея 97 пайыздық интернет қолдану көрсеткішімен ғана емес, 5G желісін алғаш болып енгізумен де ерекшеленді. Мұнда мемлекет пен ірі корпорациялардың үндестігі сонышалық, кез келген технологиялық шешім бірнеше айдың ішінде бүкіл елдің игілігіне айналады. Ал Жапония «Қоғам 5.0» тұжырымдамасы арқылы роботтар мен жасанды интеллектті күнделікті тұрмысқа енгізіп, демографиялық қиындықтарды технологиялық артықшылыққа айналдырудың шебер үлгісін көрсетті. Олардың ЖИ саласындағы инвестициялары жай салып өсіп, өндірісті толық автоматтандыруға бағытталуда. Бұл қатарға Эстония мен Сингапурдың тәжірибесін қоспай кету мүмкін емес. «Цифрлық республика» атанған Эстонияда мемлекеттік қызметтердің 99 пайызы онлайн форматқа көшкен, тіпті сайлаудың өзі цифрлық дауыс беру арқылы өтеді. Бұл мемлекеттік қызметтің шығынын азайтып, ашықтықты қамтамасыз етудің эталонына айналды. Ал Сингапур «Smart Nation» бастамасы арқылы қаланы басқарудың бірегей жүйесін құрып, логистика мен денсаулық сақтау саласында деректерді өңдеу бойынша әлемде бірінші орынға шықты. Қытай Халық Республикасы 2030 жылға қарай жасанды интеллект саласында әлемдік көшбасшы болуды көздеп, бұл мақсатқа жүздеген миллиард доллар қаржы құюда. Қазірдің өзінде Қытайда бет-әлпетті тану және цифрлық төлем жүйелері күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған.

Жаһандық статистикаға сүйенсек, жасанды интеллект пен цифрландыру 2030 жылға қарай әлемдік экономикаға қосымша 15,7 триллион доллар табыс әкелмек. Бұл цифрлық трансформацияның тек техникалық процесс емес, нақты экономикалық пайда екенінің дәлелі. Сондықтан Қазақстан үшін басты

меже – мемлекеттік қызметтерді онлайн тиімді ету ғана емес, «жаңа технологияларға» (DeepTech) бет бұру. Цифрландыру өнеркәсіптің өнімділігін арттырып, логистикалық хабтардың жұмысын жеделдетіп, білім беру мен медицина саласын жаңа деңгейге шығаруы тиіс. Көшбасшы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, болашақ технологияны жай ғана тұтынатын емес, оны жасап шығаратын және барлық салаға енгізе білетін елдің еншісінде болмақ.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖЫЛЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

2025 жыл Қазақстан үшін цифрландыру мен жасанды интеллектті жаппай талқылаудан нақты іске көшіру кезеңіне айналды. Елде 2024-2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы қабылданып, оны іске асыру алты негізгі бағытта деректер, инфрақұрылым, адами капитал, ғылыми зерттеу, құқықтық орта және акселерациялық бағдарламаларға сүйенетіні айтылды. 2029 жылға қарай жасанды интеллектті қолданатын өнімдер саны бес есе өсуі тиіс, ал осы салаға қатысты білім беру бағдарламаларының үлесі де артады. 2025 жылы цифрлық трансформация мемлекеттік қызмет өзегіне жақындай түседі. Ресми дерекке

сүйенсек, барлық негізгі мемлекеттік органдарды қамтитын 20 цифрлық трансформация картасы бекітілді. Бұл карталар 72 сала бойынша экономикалық және әлеуметтік процестерді қайта құруға арналған. Яғни, мәселе тек сайт жаңарту немесе жаңа қосымша жасауда емес, мемлекеттік қызмет көрсету логикасын өзгерту, шешім қабылдауды деректерге негіздеу және азаматпен өзара байланысты сервистік модельге көшіруге болып отыр.

Инфрақұрылым тұрғысынан 2025 жыл ең маңызды бетбұрыстардың бірін алып келді. 9 шілдеде Alem.cloud Ұлттық суперкомпьютер орталығы іске қосылып, ресурстар мемлекеттік органдарға, ғылыми институттарға, университеттерге, бизнеске және стартаптарға тиімді болды. Суперкомпьютер базасында тілдік модельдерді оқыту, ЖИ агенттерін әзірлеу, деректерді талдау, контент генерациясы және модельдер міндеттерін тестілеу басталған. Бұл Қазақстанның ЖИ саласындағы мүмкіндігін жаңа деңгейге көтерді, өйткені бұған дейін отандық командалардың көп бөлігі сыртқы бұлтты сервисерге тәуелді болатын. Енді жергілікті есептеу қуаты пайда болған сайын, қазақ және орыс тілдеріндегі жергілікті модельдер, мемлекеттік сервисерге бейімделген шешімдер және корпоративтік ЖИ құралдары көбірек дамуы ықтимал.

Цифрландырудың күнделікті өмірге әсері де айқындала түсті. Цифрлық трансформация балабақшаға, мектепке, жоғары оқу орнына қабылдау процесерін, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және тіркеу қызметтерін жеңілдетуде бағытталған. eOinish платформасы арқылы 2025 жылдың соңына қарай 5 миллионнан астам өтініш түскені көрсетілді. Бұл азаматтар мен мемлекет арасындағы байланыс цифрлық форматта жақсы қалғандықтан көрсетуде. Байланыс және интернет сапасы жағынан да айтарлықтай өзгеріс бар. Үкімет мәліметінше, соңғы үш жылда телекоммуникация саласына 1 триллион теңгеден астам инвестиция салынған, соның арқасында интернеттің орташа жылдамдығы 94 Мбит/с деңгейіне жеткен. Сонымен бірге 2027 жылға қарай халықтың интернетпен 100 пайыз қамту міндеті жарияланды. 2025 жылы Starlink қызметі Қазақстанда ресми іске қосылып, ол 1700-ден астам ауыл мектебінде жұмыс істеп тұрғаны хабарланды. Мұның бәрі ауыл мен қала арасындағы цифрлық ашықтықты қысқартуға әсер етуі мүмкін. Егер осы қарқын сақталса, жақын жылдары шалғай өңірлерде қашықтан оқу, телемедицина, агротехникалық шешімдер және цифрлық мемлекеттік қызметтер әлдеқайда тұрақты жұмыс істей бастайды.

2025 жылғы үрдістің тағы бір маңызды ерекшелігі – цифрландырудың енді тек IT министрлігінің немесе жекеменшік технократтардың тақырығы болып қалмауы. Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында цифрлық өзгерістер мемлекеттік басқару мен экономиканың түйінді мәселелерін шешудің негізгі құралы ретінде сипатталды. Әсіресе, салықтық әкімшілендіру, мемлекеттік қызмет сапасы, деректерге сүйенген басқару және жасанды интеллекттің нақты секторларға енгізу күн тәртібіне шықты. Бұл саясаттың жоғары саяси деңгейде бекітілгенін көрсетеді. 2026 жыл ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Яғни, 2025 жыл дайындық, жобалау және инфрақұрылым құру кезеңі болса, 2026 жыл сол бастамаларды жаппай енгізу мен нәтижесін көрсету кезеңі болмақ. Бұл жерде бір маңызды жайт бар. Қоғам көбіне мұндай бастамалардан бірден өзгеріс күтеді, бірақ шын мәнінде цифрландырудың әсері көбіне жүйелі жүреді. Алдымен ведомстволық жүйелер біріктірілсе, кейін деректер сапасы жақсарып, содан соң жаңа жасанды интеллект күнделікті қызметке енеді.

Ендеше, 2026 жылдан не күтеміз? Ең алдымен, мемлекеттік қызметтер бұрынғыдан да проактивті бола түседі. Азаматтар анықтама іздеп жүрмей, дайын қызмет ұсынатын модель күшейеді. Екіншіден, бизнесте тәуекелді бағалау, құжат айналымын өңдеу, клиентпен байланыс және өндірістік талдау салаларында ЖИ құралдары тез таралады. Үшіншіден, білім беру жүйесінде ЖИ бойынша пәндер мен бағдарламалар көбейіп, еңбек нарығында деректер талдаушысы, машиналық оқыту инженері, ЖИ өнім менеджері, киберқауіпсіздік маманы секілді жаңа рөлдерге сұраныс артады. Төртіншіден, өңірлерде интернет инфрақұрылымы күшейген сайын цифрландырудың игілігі тек мегаполистермен шектелмей, аудандық деңгейге дейін жетеді. Бұл әсіресе мектеп, аурухана, әкімдік және агроөнеркәсіп салалары үшін шешуші фактор болмақ. Басты басымдық – технологияны енгізу емес, оны ұлттық мүдде мен азаматтардың жайлылығына қызмет еткізу.

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛА

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ: ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

